

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 02 желтоқсандағы № 14188 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда № 5-1-173 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 8853 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 22.12.2014 № 8853 қаулысымен (01.01.2015 бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: қала аумақтарын көріктендіру және жинау.

2. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесімен келісу бойынша қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

3. 2008 жылғы 24 шілдедегі № 9842 "Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері туралы" әкімдік қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиевке жүктелсін.

*Өскемен қаласының әкімі*

*И. Әбішев*

*Келісілді:*

*"Қазақстан Республикасының*

*Ішкі істер министрлігінің*

*Қылмыстық-атқару жүйесі*

*комитетінің Шығыс Қазақстан  
облысы бойынша Қылмыстық-атқару  
жүйесі департаменті"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Т. Белгеубаев*

2011 жылғы 02 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК